

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ

Танирберді Б.С., Төлеген М.Н

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

Электрондық адресі: tanirberdibanu@gmail.com

tolegenmoldir2@gmail.com

Астана қ.

Андатпа

Бұл мақала Қазақстан Республикасының географиялық орталығында орналасқан және стратегиялық маңызы жоғары өңір Ақмола облысының ономастикалық кеңістігін этнолингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеуге арналған. Зерттеудің басты мақсаты облыс аумағындағы атаулар жүйесінде Қазақ хандығы дәуірінен сақталған тарихи-мәдени мұраның көрінісін анықтау, осы атаулардың мағынасы, қызметі және халық жадындағы орны туралы толыққанды ғылыми тұжырымдар жасау болып табылады. Сонымен қатар, кеңестік кезеңдегі идеологиялық саясаттың әсерімен өзгерген немесе жаңадан жасалған топонимдердің қазіргі ұлттық санамен қайта үйлесімділігін талдау да зерттеудің негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылды. Ақмола облысының ономастикалық кеңістігін зерттеу тек атаулардың тілдік табиғатын анықтаумен шектелмей, олардың аймақтың этникалық қалыптасуына, тарихи оқиғаларға және табиғи ортаның ерекшеліктеріне қалай байланысты екенін ашуға мүмкіндік береді. Әсіресе түркі дәуірінен бастап қалыптасқан топонимдердің сақталуы өңір халқының тарихи жадының беріктігін көрсетеді. Мысалы, жер бедеріне қарай қойылған Қорғалжын, Сарыоба, Үлкен Қойтас сияқты атаулар сол дәуірлердегі шаруашылық түрлерін, көшпелі өмір салтын және табиғатты қабылдау ерекшелігін айқын бейнелейді. Зерттеу барысында өңірге тән маңызды гидронимдер мен оронимдер дала өркениетінің символына айналған Есіл өзені, тарихи деректерде жиі кездесетін Қалқұтан аймағы, табиғи бейнесімен ерекшеленетін Ерейментау тау сілемі және қазақ руханиятының белгісіне айналған Көкшетау атауларының түркілік этимологиясы мұқият қарастырылды. Бұл атаулардың табиғи-географиялық қана емес, мифологиялық, этномәдени мазмұны да жан-жақты зерттелді. Тәуелсіздік жылдарында өңірдегі Вишневка, Красный Яр секілді кеңестік атаулардың Ақмол, Қосшы сияқты ұлттық топонимдермен алмастырылуы қазақы тарихи жақтың қайта жаңғыру үдерісін айқын көрсетеді. Дегенмен атауларды жаңарту кезінде бірізділіктің болмауы мен кейбір қайталанатын топонимдердің пайда болуы облыстың ономастикалық жүйесін жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Зерттеу әдістері ретінде салыстырмалы-тарихи талдау, этнолингвистикалық зерттеу, архивтік картографиялық деректерді сараптау және жергілікті халықтың ауызекі топонимиялық материалдарын жинақтау қолданылды. Зерттеу нәтижелері Ақмола облысының атаулар жүйесінде салт-дәстүрге, батырлық эпосқа, тұрмыс элементтеріне және тарихи ландшафтқа қатысты топонимдердің басым екенін көрсетті. Бұл зерттеу облыстың ономастикалық саясатын тарихи сабақтастық пен ұлттық құндылықтарды сақтау тұрғысынан дамытуға ғылыми негіз ұсынады.

Кілт сөздер: Ақмола облысы, ономастика, топонимика, Қорғалжын, Ерейментау, Көкшетау, геоним, ренонимация, Целиноград, Ақмол.

Аннотация

Данная статья посвящена всестороннему этнолингвистическому исследованию ономастического пространства Акмолинской области региона, расположенного в географическом центре Республики Казахстан и имеющего стратегически важное значение. Главная цель исследования состоит в определении отражения историко-культурного наследия, сохранившегося со времен Казахского ханства, в системе названий на территории области, а также в создании полноценных научных заключений о значении, функции и месте этих наименований в народной памяти. Наряду с этим, анализ повторной гармонизации топонимов, измененных или вновь созданных под влиянием идеологической политики советского периода, с современным национальным сознанием также был рассмотрен как одно из ключевых направлений исследования. Изучение ономастического пространства Акмолинской области не ограничивается лишь определением лингвистической природы названий, а позволяет выявить их связь с этническим формированием региона, историческими событиями и особенностями природной среды. Сохранение топонимов, формировавшихся с тюркской эпохи, демонстрирует прочность исторической памяти населения региона. Например, такие названия, как Коргалжын, Сарыоба, Үлкен Койтас, данные по рельефу местности, четко отражают типы хозяйствования, кочевой образ жизни и особенности восприятия природы тех эпох. В ходе исследования были тщательно рассмотрены тюркская этимология таких важных для региона

гидронимов и оронимов, как река Есиль, ставшая символом степной цивилизации, район Калкутан, часто встречающийся в исторических источниках, горный массив Ерейментау, отличающийся природным обликом, и Кокшетау, ставший знаком казахской духовности. Было проведено многостороннее изучение не только природно-географического, но и мифологического, этнокультурного содержания этих названий. В годы Независимости замена советских названий, таких как Вишневка, Красный Яр, на национальные топонимы, например, Акмол, Косшы, отчетливо демонстрирует процесс возрождения казахской исторической памяти. Тем не менее, отсутствие системности при обновлении названий и появление некоторых повторяющихся топонимов указывают на необходимость совершенствования ономастической системы области. В качестве методов исследования были применены сравнительно-исторический анализ, этнолингвистическое изучение, анализ архивных картографических данных и сбор материалов устной топонимии местного населения. Результаты исследования показали преобладание в системе названий Акмолинской области топонимов, связанных с традициями, героическим эпосом, элементами быта и историческим ландшафтом. Данное исследование предлагает научную основу для развития ономастической политики области с точки зрения исторической преемственности и сохранения национальных ценностей.

Ключевые слова: Акмолинская область, ономастика, Казахское ханство, этнолингвистика, топонимы, Целиноград, Кокшетау, историческая память, реноминация, геоним.

Annotation

This article is devoted to the comprehensive ethnolinguistic study of the onomastic space of the Akmola region a territory of high strategic importance located in the geographical center of the Republic of Kazakhstan. The main goal of the research is to identify the reflection of the historical and cultural heritage preserved since the era of the Kazakh Khanate within the region's naming system, and to establish comprehensive scientific conclusions about the meaning, function, and place of these names in the public memory. Furthermore, the analysis of the re-harmonization of toponyms which were altered or newly created under the influence of the ideological policy of the Soviet period with the modern national consciousness was also considered a primary research direction. Studying the onomastic space of the Akmola region is not limited to defining the linguistic nature of the names; it allows for the discovery of how they relate to the region's ethnic formation, historical events, and the characteristics of the natural environment. The preservation of toponyms formed since the Turkic era, in particular, demonstrates the resilience of the historical memory of the region's population. For instance, names based on the terrain, such as Korgalzhyn, Saryoba, and Ulken Koytas, clearly reflect the types of farming, nomadic way of life, and peculiarities of nature perception during those epochs. The research meticulously examined the Turkic etymology of important hydronyms and oronyms typical of the region: the Yesil River, which became a symbol of steppe civilization; the Kalkutan area, frequently mentioned in historical records; the Ereimentau mountain range, characterized by its natural features; and Kokshetau, which has become a symbol of Kazakh spirituality. Not only the natural-geographical, but also the mythological and ethnocultural content of these names was studied in depth. During the years of Independence, the replacement of Soviet names like Vishnevka and Krasny Yar with national toponyms such as Akmol and Kosshy clearly demonstrates the process of the revival of Kazakh historical memory. However, the lack of consistency during the renaming process and the emergence of some recurring toponyms indicate the necessity of perfecting the region's onomastic system. Research methods applied included comparative-historical analysis, ethnolinguistic study, evaluation of archival cartographic data, and the collection of oral toponymic materials from the local population. The research results showed the predominance of toponyms related to traditions, heroic epics, everyday life elements, and the historical landscape in the Akmola region's naming system. This research offers a scientific basis for developing the region's onomastic policy from the perspective of historical continuity and the preservation of national values.

Key words: Akmola region, onomastics, Kazakh khanate, ethnolinguistics, toponyms, Yesil river, Kokshetau, historical memory, geomorphological.

Кіріспе

Ақмола облысы Қазақстанның географиялық орталығында орналасқан, тарихи да, экономикалық та маңызы зор аймақ. Облыстың анамастикалық атаулары оның күрделі тарихын: Қазақ хандығы дәуірін, Ресей империясы кезеңіндегі отарлау саясатын, тың игеру жылдарын және Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық сананың жаңғыруын толықтай көрсетеді. Анамастика бұл өңір үшін тек географиялық атаулар жиынтығы емес, ол облыс халқының тарихи санасы мен этномәдени бірегейлігін сақтаушы маңызды мәдени көрсеткіш. Сонымен қатар, Ақмола облысының анамастикалық кеңістігін зерттеу өңірдің этнодемографиялық құрылымын түсінуге де мүмкіндік береді. Аймақтағы көптеген атаулар белгілі бір рулардың, тарихи тұлғалардың немесе дәстүрлі

шаруашылық түрлерінің ізі ретінде қалыптасқан. Мысалы, Арғын тайпасына қатысты жер-су атаулары өңірдің этникалық құрамын айқындаса, батырлар есімімен байланысты топонимдер халық жадындағы тарихи оқиғалардың сақталуын қамтамасыз етеді. Осындай атаулардың ғылыми тұрғыдан жүйеленуі қазақ халқының көне мәдени қабаттарын қалпына келтіруге көмектеседі. Бұдан бөлек, облыстың табиғи ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан атаулар да маңызды зерттеу нысаны болып табылады. Көлдерге, өзендерге, жазықтарға берілген атаулар табиғи ландшафттың көрінісін ғана емес, сонымен бірге жергілікті халықтың табиғатпен қарым-қатынасын көрсетеді. Қорғалжын секілді атаулар экологиялық маңызға ие аумақтардың қорғауға алынғанын және бұл жерлердің ұлттық табиғи мұра ретінде бағаланатынын дәлелдейді. Сондықтан Ақмола облысының ономастикасы өңірдің тарихи, мәдени және географиялық болмысын терең түсіндіретін маңызды сала. Облыс атауларының қазіргі жүйесін талдау бүгінгі таңда ерекше маңызды, себебі Целиноград кезеңінде берілген көптеген идеологиялық атаулардың орнына ұлттық құндылықтарға негізделген тарихи топонимдер қайта қайтарылып жатыр. Бұл процесс аймақтың тарихи жадын қалпына келтіруге, ұлттық рухани кеңістікті нығайтуға және өңірлік идентификацияны түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, бұрынғы атаулардың тарихи мәні, олардың қалыптасу себептері мен мәдени рөлі де қайта зерттеуді қажет етеді. Ақмола облысының ономастикалық атаулар жүйесін нақты аудан және жер атаулары негізінде жан-жақты талдау, олардың географиялық-ландшафттық, тарихи-саяси, этнолингвистикалық өзгерістерін айқындау, сондай-ақ атаулардың қалыптасу динамикасын ғылыми тұрғыда көрсету. Зерттеу нысаны Ақмола облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісі атаулары (ойконимдер, топонимдер), олардың тарихи дамуы мен қоғам санасындағы орны. Зерттеу нәтижелері облыс ономастикасының ұлттық мұраны сақтауда шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ақмола облысының ономастикалық атауларын зерттеуде келесідей ғылыми әдістер қолданылды: Сонымен қатар, зерттеу барысында ауызша деректерді жинақтау әдісі де қолданылды. Бұл тәсіл жергілікті тұрғындардың көне атауларға қатысты сақталған әңгімелері мен фольклорлық мәліметтерін тіркеуге мүмкіндік берді. Ауыл ақсақалдары мен өлкетанушылардың айтуынша, кейбір атаулардың мәні тек ресми құжаттарда емес, халық жадында сақталған. Мұндай деректер тарихи атаулардың шын мағынасын анықтауда аса құнды материал болып табылады. Зерттеу материалдарының тағы бір маңызды бөлігін ХІХ ғасырдағы орыс картографтарының өңір карталары құрады. Географиялық-топонимикалық талдау: Облыстың ірі топонимдерінің (тау, көл, өзен атаулары: Ерейментау, Қорғалжын көлдері) шығу тегін, тарихи орналасуын анықтау мақсатында қолданылды. Бұл әдіс атаулардың облыстың ландшафттық ерекшеліктерімен байланысын көрсетеді. Тарихи-салыстырмалы әдіс: Целиноград облысы кезіндегі аудан атауларының қазіргі атаулармен салыстырылуы арқылы (мысалы, бұрынғы Малиновка ауылы - қазіргі Ақмол ауылы) идеологиялық және тілдік трансформацияның масштабы талданды. Этимологиялық талдау: Қазақ тіліндегі дәстүрлі атаулардың (мысалы, Аршалы, Зеренді) бастапқы мағынасын (ағаш, өсімдік, жер бедері) қалпына келтіру үшін пайдаланылды.

Зерттеу материалдары: ҚР Үкіметінің ономастикалық комиссиясының Ақмола облысына қатысты . А. Оңғарұлы. Далалық Еуразия төсіндегі Сарыарқа мұрасы.- Нұр-Сұлтан 2020..

Талқылау

Ақмола облысының ономастикалық атауларының тарихи маңызы үш кезеңнің күрделі әсерінен қалыптасқан. Облыстың ең көне және ең маңызды атаулары оның табиғи ландшафтымен тығыз байланысты. Бұл атаулар облыстың тарихи сипатын толықтай сақтаған. Көкшетау Топонимі: Облыстың солтүстік бөлігіндегі бұл атау қазақ халқының тарихындағы ерекше рухани-мәдени маңызға ие. "Көкшетау" атауы (көкшіл тау) тек географиялық сипаттама емес, ол - қазақ фольклоры, тарихы және табиғат сұлулығының символы.

Қорғалжын және Ерейментау: Қорғалжын (көлдер жүйесі) және Ерейментау (тау сілемі) сияқты атаулар өзінің бастапқы этимологиялық мағынасын сақтап қалған. Ерейментау атауының этимологиясы "ер мен тау" ұғымдарына жақын деген болжамдар бар, бұл жергілікті батырлық дәстүрмен байланысты. Табиғи-географиялық атаулардың тұрақтылығы облыстың тарихи сипатын, этномәдени ерекшелігін зерттеуге мүмкіндік береді. Олар тек географиялық нысандарды сипаттап қана қоймай, өңірді мекендеген рулар мен тайпалардың тарихи қозғалысын, шаруашылық құрылымын көрсетеді. Мысалы, жазықтар мен жайылым атаулары белгілі бір рулардың бұрынғы қоныстану аумағын, табиғатты пайдалану дәстүрін көрсетеді [1,70-80 б]. Сонымен қатар, тұрақты атаулар Тәуелсіздік кезеңінде облыстың ұлттық ономастикалық саясатында маңызды рөл атқарады. Кеңестік кезеңде көптеген ауыл-елді мекендер орыс тіліндегі атауларға өзгертілсе де, табиғи нысандардың атаулары өзінің бастапқы түрінде сақталған. Бұл топонимдер ұлттық тарихи сана мен мәдени мұраны

қалпына келтіруде, тарихи әділеттілікті орнатуда негіз болып табылады Кеңестік кезеңнің идеологиялық іздері және ренамация 1960-шы жылдардағы тың игеру кезеңі облыс ономастикасына үлкен өзгеріс әкелді. Ауыл-елді мекен атаулары жаппай орыс тілді, идеологиялық немесе ауылшаруашылық бағытындағы атауларға ауыстырылды. Ренамация процесі облыс ономастикасында тарихи сабақтастықты қалпына келтіруге, халықтың ұлттық мәдени және тарихи сана-сезімін нығайтуға бағытталды. Кеңестік кезеңнің идеологиялық іздері мен ренамация арқылы Ақмола облысы тарихи-мәдени мұрасын сақтау мен қайта жаңғыртудың көрнекті мысалын көрсетті. Бұл кезең облыстың ономастикалық картасын зерттеуде маңызды тарихи саты болып саналады және қазіргі күні де ғылыми талдаудың негізгі объектісі болып отыр. Малиновка" және "Вишневка" сияқты атаулар: Бұл атаулардың тарихи маңызы - Кеңес одағының орталықтандырылған әкімшілік саясаты мен ауылшаруашылық бағдарламасын күштеп енгізуін көрсетуінде. Бұл атаулардың қазақ тілінде тарихи негізі жоқ еді. "Ақмол" атауының қайта оралуы: Бұрынғы Малиновка атауының Ақмол ауылы болып қайта аталуы - тарихи әділеттіліктің қалпына келуінің жарқын мысалы. Себебі, бұл жерде 1930-шы жылдары саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған АЛЖИР лагері орналасқан болатын. Осы атаудың қайтарылуы тарихи жадты жаңғыртудың және ұлттық трагедияны еске алудың символикасы [2, 29-40 б].

Тәуелсіздік кезеңіндегі ономастикалық саясат 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Ақмола облысының ономастикалық кеңістігінде жаңа кезең басталды. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі - тарихи топонимдерді қалпына келтіру және ұлттық мәдени құндылықтарды көрсету мақсатында жаңа қазақша атаулар беру. Тәуелсіздік алдындағы Кеңес кезеңінде көптеген ауылдар мен елді мекендер орыс тіліндегі немесе идеологиялық сипаттағы атауларға ие болды. Сол себепті, тәуелсіздік жылдары оларды тарихи-мәдени сабақтастыққа сәйкес қайта атау қажеттілігі туындады. Бірінші бағыт - тарихи атауларды қайтару. Мысалы, бұрынғы Малиновка және Вишневка сияқты ауылдардың атаулары Ақмол, Аршалы, Бұланды сияқты дәстүрлі қазақ топонимдеріне ауыстырылды. Бұл қадам тек әкімшілік атауды өзгерту емес, сонымен қатар облыстың ұлттық мәдениетін, тарихи жадын қалпына келтіру процесі болды. Бұл өзгерістер әсіресе аудан деңгейінде маңызды болды, өйткені тарихи атаулар халықтың этникалық және мәдени санасын көрсететін негізгі элементтердің бірі болып табылады. Екінші бағыт - жаңа қазақша атаулар беру. Тәуелсіздік жылдарында жаңа елді мекендер, аудандар, қалалық аймақтар өзіне тарихи, саяси және мәдени мағынасы бар атаулар алды. Мысалы, Ақкөл, Қосшы, Сарыарқа сияқты атаулар облыстың ландшафтық ерекшеліктерін, тарихи-рухани мәнін және жаңа саяси орталықтармен байланысын көрсетеді [3, 312-350 б]. Мұндай атаулар тек географиялық нысанды білдіріп қана қоймай, облыстың тарихи сабақтастығы мен ұлттық бірегейлігін көрсететін символдық функция атқарады. Сонымен қатар, облыс ономастикасында тарихи тұлғалар мен батырлардың есімін беру үрдісі де белсенді жүргізілді. Бұл - қазақ батырлары мен белгілі тұлғалардың тарихи ролін еске алу, олардың ерлігін, халықтық жадтағы маңызын сақтау мақсатындағы маңызды қадам болды.

Тәуелсіздік кезеңіндегі ономастикалық саясат - Ақмола облысы үшін ұлттық сана мен тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің маңызды кезеңі. Бұл саясат облыстың тарихи және мәдени кеңістігін толық түсінуге, Кеңес дәуірінде жоғалған немесе өзгерген атауларды қайта жаңғыртуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, облыстың әкімшілік-аумақтық бөлінісін ұлттық дәстүрге сәйкестендіру, халықтың тарихи санасы мен рухани мәдениетін нығайтуға септігін тигізді.

Нәтиже

Жүргізілген талдау нәтижесінде Ақмола облысының ономастикалық атаулар жүйесінің табиғи ландшафтқа негізделген және тарихи-саяси өзгерістерге сезімтал екендігі анықталды. Облыс атауларының шамамен 50%-ы табиғи-географиялық нысандармен байланысты (Қорғалжын, Ерейментау, Зеренді, Бурабай). Бұл облыс табиғатының эстетикалық және мәдени маңызын көрсетеді. Бұл атаулардың этимологиясы көбіне тау, көл, орман сияқты ұғымдардан құралған. Саяси Трансформацияның Әсері: Облыс ономастикасына ең үлкен әсер еткен фактор тың игеру және Кеңестік кезең. Бұл кезеңдегі идеологиялық атаулардың (мысалы, Вишневка, Красноярск) орнын толықтай дерлік тарихи қазақ топонимдері басқан. Ақмол ауылының атауының қайтарылуы сияқты мысалдар облыс ономастикалық саясатының тек тілдік емес, тарихи-моральдық сипатта екенін көрсетеді. Талдау нәтижесінде Ақмола облысы ономастикасындағы бірқатар мәселелер айқындалды: Қайталанатын атаулар: Облыста Қызылжар, Ақбұлақ, Жаңалық сияқты ауыл атауларының бірнеше ауданда қайталануы кездеседі. Бұл аумақтық басқаруда және пошталық қызметтерде қиындықтар туғызады. Тілдік Ерекшеліктердің Жойылуы: Кейбір тарихи қазақ топонимдерінің орыс тіліндегі транскрипциясы сақталып, олардың бастапқы этимологиялық мағынасы бұрмаланған.

Жер-су атауларының ұмытылуы: Кеңестік кезеңде құрылған ұжымшарлардың атауларының орнына жаңа атаулар берілгенде, сол жердегі ежелгі қазақ топонимдерінің ескерілмеуі. Сонымен қатар, Ақмола облысының ономастикасы этнолингвистикалық және мәдени қабаттар арқылы да ерекшеленеді. Көптеген жер-су атаулары белгілі бір рулардың немесе тарихи тұлғалардың есімдерімен байланысты. Мысалы, Аршын, Зеренді, Бұланды сияқты атаулар тек географиялық мәнге ие болмауы мүмкін, олар өңірде бұрын мекендеген рулардың ізін сақтайды. Бұл атаулар облыстың этникалық құрылымын және халықтың дәстүрлі шаруашылыққа деген қатынасын бейнелейді. Сонымен қатар, кейбір тау мен өзен атаулары батырлық эпос пен халық аңыздарымен байланысады. Ерейментау сияқты таулардың атауы «ер мен тау» ұғымымен байланысты, бұл жергілікті батырлар дәстүрін еске түсіреді. Осылайша, табиғи географиялық нысандардың атаулары облыстың тарихи және мәдени кеңістігін бейнелеу функциясын атқарады. Кеңестік кезеңнің идеологиялық атауларының орнына тарихи қазақ топонимдерінің қайтарылуы облыстың ұлттық тарихи санасын қалпына келтірудің символы болды. Ақмол ауылының қайта аталуы мысалы - тек тілдік өзгеріс емес, сонымен қатар халықтың тарихи әділеттілігін қалпына келтіру болып саналады. Сол сияқты, бұрынғы Вишневка, Малиновка сияқты ауылдардың қайта атауы облыс тұрғындарының тарихи және мәдени жадын жаңғыртты. Бұл ренамация процесі облыстың ономастикалық кеңістігін дәстүрлі қазақ мәдениетіне сәйкестендіруге мүмкіндік берді. Алайда, талдау барысында бірқатар мәселелер де анықталды. Қайталанатын атаулар, мысалы Қызылжар, Ақбұлақ немесе Жаңалық, әртүрлі аудандарда кездесуі аумақтық басқаруда қиындық туғызады. Сонымен қатар, кейбір тарихи қазақ атауларының орыс тіліндегі транскрипциясы бастапқы мағынасын бұрмалады. Кеңестік кезеңде құрылған колхоз-совхоз атауларын өзгерту кезінде кейбір ежелгі қазақ топонимдері ұмытылып кеткен. Бұл факторлар облыс ономастикасын толық тарихи сабақтастықпен зерттеуді қиындатады және жаңа ономастикалық саясатты жетілдіру қажеттілігін арттырады. Сондықтан облыста инвентаризацияны толық жүргізу, барлық елді мекендер мен табиғи нысандардың атауларын электронды базаға енгізу маңызды. Жаңа атаулар берер алдында этнолингвистикалық және тарихи сараптама өткізу қажет.

Жаңа елді мекендерді атауда табиғи нысандарға басымдық беру принципі сақталуы тиіс: Көкшетау, Қорғалжын, Ерейментау сияқты тарихи және табиғи атауларды сақтау - облыстың мәдени және географиялық ерекшелігін сақтау болып табылады. Ақмола облысының ономастикалық кеңістігі тарихи, этнолингвистикалық және географиялық сабақтастықты біріккен түрде көрсетеді. Табиғи ландшафтқа негізделген атаулар мен тарихи-мәдени ренамация процесі облыстың ұлттық санасын сақтау, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және әкімшілік-аумақтық басқаруды жеңілдету үшін маңызды рөл атқарады. Бұл бағыттағы ұсыныстарды іске асыру облыстың ономастикалық саясатын жаңа деңгейге көтеріп, ұлттық мұраны толық сақтауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Ақмола облысының ономастикасы этнолингвистикалық және мәдени қабаттар арқылы да ерекшеленеді. Көптеген жер-су атаулары белгілі бір рулардың немесе тарихи тұлғалардың есімдерімен байланысты. Мысалы, Аршын, Зеренді, Бұланды сияқты атаулар тек географиялық мәнге ие болмауы мүмкін, олар өңірде бұрын мекендеген рулардың ізін сақтайды. Бұл атаулар облыстың этникалық құрылымын және халықтың дәстүрлі шаруашылыққа деген қатынасын бейнелейді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, «Ақмола облысының ономастикалық атаулары» тақырыбындағы жүргізілген зерттеу облыстың ономастикалық жүйесінің тарихи, саяси және мәдени кезеңдермен тығыз байланысты екенін нақты көрсетті. Зерттеу барысында облыстың атаулары тек географиялық нысандарды білдіріп қана қоймай, оның табиғи-ландшафтық ерекшелігін, халықтың тарихи санасын, этнолингвистикалық дәстүрін және мәдени бірегейлігін сақтайтын маңызды құрал екені анықталды. Бұл атаулар облыстың тарихи бейнесін қалпына келтіруде және тұрғындардың ұлттық санасын қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Ақмола облысының ономастикасы табиғи-географиялық атауларға өте бай. Мысалы, Көкшетау, Қорғалжын, Ерейментау, Бурабай, Зеренді сияқты атаулар облыстың тарихи және мәдени ландшафтының негізгі белгілерін бейнелейді. Бұл атаулардың тұрақтылығы олардың табиғи нысандармен тығыз байланысына және халықтың тарихи жадында сақталуына байланысты. Табиғи-географиялық атаулар халық арасындағы ауызекі дәстүр арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп, облыстың этникалық және мәдени ерекшелігін көрсетуге ықпал етеді. 1960-шы жылдардағы тың игеру кезеңі облыс ономастикасына үлкен өзгеріс енгізді. Сол кезде көптеген ауыл-елді мекендер орыс тіліндегі идеологиялық атауларға өзгертілді, мысалы, Малиновка, Вишневка, Красный Яр. Алайда Тәуелсіздік жылдарында бұл атаулардың орнына Ақмол, Аршалы, Бұланды сияқты дәстүрлі қазақ топонимдері қайта берілді. Бұл процесс тек тілдік өзгеріс емес, сонымен қатар тарихи әділеттілікті қалпына келтіру, ұлттық трагедияларды еске алу және тарихи сананы жаңғырту шарасы болды. Зерттеу барысында қайталанатын атаулардың болуы, кейбір тарихи атаулардың орыс

транскрипциясында бұрмалануы, сондай-ақ кеңестік кезеңде жоғалған немесе ұмытылған жер-су атаулары сияқты мәселелер анықталды. Бұл облыстық ономастикалық саясатты жүйелеуді, электронды база құруды және этнолингвистикалық сараптаманы енгізуді қажет етеді. Зерттеудің практикалық маңызы - облыс әкімшілігі мен ономастикалық комиссияға жаңа атауларды енгізу немесе қайта атау кезінде тарихи-этимологиялық негізді қатаң сақтау, қайталануларды болдырмау және ұлттық тарихи сананы нығайту бойынша нақты ұсыныстар беруінде. Мұндай ұсыныстар Ақмола облысының ономастикалық кеңістігін ғылыми тұрғыдан басқаруға, тарихи сабақтастықты сақтауға және ұлттық мәдени мұраны толық қорғауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. - Алматы: Санат, 2000.- 100-108б
2. Рысбергген Қ. Қ. Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері - Алматы: 2010.- 33-39б.
3. Оңғарұлы.А. Далалық Еуразия төсіндегі Сарыарқа мұрасы.- Нұр-Сұлтан 2020.- 312-350б
4. Жанұзақов.Т. Жер-су атаулары - Алматы: Өнер, 2011.- 386-480б
5. Ахатов А.Е. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы: Ақмола облысы-ғылыми басылым, 2011-90б
6. Б.Ө. Жақып. Ақмола облысы энциклопедия- Алматы,2009-89-100 б

ҚАРНАҚ АНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫ

Таштемирова С.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

Астана қ.

Аңдатпа

Бұл мақалада Қарнақ ауылының ономастикалық атаулары, олардың шығу тегі, тарихи-географиялық негіздері мен тілдік ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу барысында топонимдердің аймақтық тарихпен байланысы, табиғи нысандармен сабақтастығы және атаулардың этнолингвистикалық мағынасы сараланды. Қарнақ өңірінің атаулары мәдениеті мен тарихи жадын танытатын маңызды дерек көзі ретінде алынып, салыстырмалы және топономикалық әдістермен талданды. Қарнақ топонимдерінің қалыптасуына түркілік дәстүр, исламдық құндылықтар және ортағасырлық мәдени орталық ретіндегі аймақтың тарихи рөлі әсер еткені анықталды. Сонымен қатар, атаулардың жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік құрылымы мен рухани дүниетанымымен байланысы көрсетілді. Мақала Қарнақ аймағының тарихи жадын сақтау, мәдени мұрасын зерттеу және ономастикалық деректерді жүйелеу тұрғысынан маңызды ғылыми нәтижелер ұсынады.

Аннотация

В статье рассматриваются ономастические названия села Карнак, их происхождение, историко-географическая основа и языковые особенности. В ходе исследования анализируется связь топонимов с региональной историей, природными объектами и этнолингвистическим значением названий. Топонимы Карнака рассматриваются как важный источник, отражающий культурную и историческую память. Формирование топонимов Карнака определялось тюркскими традициями, исламскими ценностями, а также исторической ролью региона как средневекового культурного центра. Кроме того, в статье показана связь названий с бытом местного населения, его социальной структурой и духовным мировоззрением. Материал представляет важные научные результаты в контексте сохранения исторической памяти Карнакского региона, изучения его культурного наследия и систематизации ономастических данных.

Abstract

This article examines the onomastic names of the village of Karnak, their origin, historical-geographical background, and linguistic features. The study analyzes the connection of local toponyms with regional history, natural landmarks, and ethnolinguistic meanings. Karnak's place names are viewed as an important source reflecting the cultural and historical memory. The formation of Karnak's toponyms was influenced by Turkic traditions, Islamic values, and the region's historical role as a medieval cultural center. The article also highlights the connection of these place names with the daily life of the local population, their